



БҰЙРЫҚ

2022 ж. 25 сәуір
Павлодар қаласы

ПРИКАЗ

№ *2-02/222*
город Павлодар

2021-2022 оқу жылын аяқтау және Павлодар облысының орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 5-бабының 14) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 20 сәуірдегі «2021-2022 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы» № 159 бұйрығын орындау мақсатында, сондай-ақ меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2021-2022 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оқу жылын аяқтаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:
 - 1) меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында оқу сабақтарының аяқталуы - 2022 жылғы 25 мамыр;
 - 2) 9-сынып білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары - 2022 жылғы 28 мамыр - 6 маусым аралығында;
 - 3) 11-сынып білім алушыларының мемлекеттік бітіру емтихандары - 2022 жылғы 27 мамыр - 10 маусым аралығында.
2. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:
 - 9-сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:
 - 1) қазақ/орыс тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер үшін жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) - 2022 жылғы 28 мамыр;
 - 2) математика (алгебрадан) жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) - 2022 жылғы 31 мамыр;
 - 3) орыс тілде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті бойынша (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) жазбаша емтихан

және қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) - 2022 жылғы 3 маусым;

4) таңдау пәні (Физика, Химия, Биология, География, Геометрия, Қазақстан тарихы, Дүниежүзі тарихы, Әдебиет (оқыту тілі бойынша), Шет тілі (ағылшын/француз/неміс), Информатика) бойынша жазбаша емтихан - 2022 жылғы 6 маусым;

11-сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:

1) алгебра және анализ бастамаларынан жазбаша емтихан - 2022 жылғы 27 мамыр;

2) қазақ/орыс тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан - 2022 жылғы 30 мамыр;

3) Қазақстан тарихынан ауызша емтихан - 2022 жылғы 2 маусым;

4) орыс тілде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілінен тестілеу - 2022 жылғы 7 маусым.

5) таңдау пәні (Физика, Химия, Биология, География, Геометрия, Дүниежүзі тарихы, Құқық негіздері, Әдебиет, Шет тілі (ағылшын/француз/неміс), Информатика) бойынша жазбаша емтихан - 2022 жылғы 10 маусым.

3. 9, 11 сыныптардың білім алушыларын қайта қорытынды аттестаттау санитарлық талаптарды сақтай отырып, орта білім беру ұйымдары айқындаған мерзімде өткізіледі.

4. Білім сапасын арттыру және пандемия, шектеу шаралары кезеңінде жіберілген білімдегі олқылықтардың орнын толтыру мақсатында 1-8, 10-сыныптарда білім алушылар үшін 2022 жылғы 26 мамырдан бастап 17 маусым аралығында Жазғы мектепте оқыту ұйымдастырылсын.

5. Қалалар мен аудандардың білім беру бөлімдеріне, облыстық мамандандырылған мектептерге:

1) 2022 жылғы 13-20 мамыр аралығында жалпы орта білім туралы үздік және «Алтын белгі» аттестатына үміткерлердің құжаттарының талаптарға сәйкестігін тексеруді ұйымдастырсын және тексеру нәтижелері туралы анықтаманы білім беру басқармасына 2022 жылғы 20 мамырда ұсынсын;

2) білім алушылардың негізгі және орта мектеп курсы үшін емтихандардан босату құжаттарының талаптарға сәйкестігін тексеруді ұйымдастыру және тексеру нәтижелері бойынша қолдаухатты білім беру басқармасына 2022 жылғы 20 мамырдан кешіктірмей ұсынсын.

6. Білім беру басқармасының мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру бөліміне (Н.Ш. Азанбаева) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Білім беруді дамытудың инновациялық орталығымен (Б.Т. Аушахманова) бірлесіп, 2022 жылғы 27 мамырға дейін 9-сынып оқушылары үшін, 2022 жылғы 26 мамырға дейін 11-сынып оқушылары үшін қалалар мен аудандардың білім беру бөлімдеріне, дарынды балаларға арналған

облыстық мамандандырылған мектептердің директорларына емтихан тапсырмаларын берсін;

2) 2022 жылғы 25 мамырға дейін білім беру басқармасының негізгі және орта мектеп курсы үшін емтихандардан босату туралы бұйрығы дайындалсын;

7. Қалалар мен аудандардың білім беру бөлімдерінің, білім беру ұйымдарының басшылары осы бұйрықтың, «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5191 болып тіркелген) талаптарына сәйкес 2021-2022 оқу жылын аяқтауды қамтамасыз етсін.

8. Оқу жылының ұйымдасқан түрде аяқталуына және жалпы орта білім беру ұйымдарында емтихандардың өткізілуіне жауапкершілік қалалар мен аудандардың білім беру бөлімдерінің, білім беру ұйымдарының басшыларына жүктелсін.



9. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**Басқарма басшысының м.а.,
басшы орынбасары**



Г. Баширова

Бұйрықпен таныстырылды:

 Н. Азанбаева
 Б. Аушахманова

**Об утверждении сроков
завершения 2021-2022 учебного года
и проведения итоговой
аттестации обучающихся
в организациях среднего образования
Павлодарской области**

В соответствии с подпунктом 14) статьи 5 Закона Республики Казахстан от 27 июля 2007 года «Об образовании», во исполнение приказа Министерства образования и науки Республики Казахстан от 20 апреля 2022 года № 159 «Об утверждении сроков завершения 2021-2022 учебного года и проведения итоговой аттестации обучающихся в организациях среднего образования», в целях организованного завершения 2021-2022 учебного года в организациях среднего образования независимо от формы собственности и ведомственной подчиненности **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить следующие сроки завершения учебного года:

1) учебные занятия в организациях среднего образования независимо от формы собственности и ведомственной подчиненности - 25 мая 2022 года;

2) итоговые выпускные экзамены обучающихся 9 классов - с 28 мая по 6 июня 2022 года;

3) государственные выпускные экзамены обучающихся 11 классов с 27 мая по 10 июня 2022 года.

2. Утвердить следующие сроки проведения итоговой аттестации:

для обучающихся 9 классов с соблюдением санитарных требований:

1) письменный экзамен по казахскому/русскому языку (язык обучения) в форме эссе, для школ с углубленным изучением предметов гуманитарного цикла - письменная работа (статья, рассказ, эссе) - 28 мая 2022 года;

2) письменный экзамен (контрольная работа) по математике (алгебре) - 31 мая 2022 года;

3) письменный экзамен (работа с текстом, выполнение заданий по тексту) по казахскому языку и литературе в классах с русским языком обучения и письменный экзамен (работа с текстом, выполнение заданий по тексту) по

русскому языку и литературе в классах с казахским языком обучения - 3 июня 2022 года;

4) письменный экзамен по предмету по выбору (Физика, Химия, Биология, География, Геометрия, История Казахстана, Всемирная история, Литература (по языку обучения), Иностранный язык (английский/французский/немецкий), Информатика) – 6 июня 2022 года;

для обучающихся 11 классов с соблюдением санитарных требований:

1) письменный экзамен по алгебре и началам анализа – 27 мая 2022 года;

2) письменный экзамен по казахскому/русскому языку (язык обучения) – 30 мая 2022 года;

3) устный экзамен по истории Казахстана - 2 июня 2022 года;

4) письменный экзамен по казахскому языку и литературе в школах/классах с русским языком обучения и тестирование по русскому языку и литературе в школах/классах с казахским языком обучения - 7 июня 2022 года.

5) письменный экзамен по предмету по выбору (Физика, Химия, Биология, География, Геометрия, Всемирная история, Основы права, Литература, Иностранный язык (английский/ французский/ немецкий), Информатика) – 10 июня 2022 года.

3. Повторная итоговая аттестация обучающихся 9, 11 классов с соблюдением санитарных требований проводится в сроки, определяемые организациями образования.

4. С целью повышения качества обучения и восполнения пробелов в знаниях, допущенных в период пандемии, ограничительных мер, с 26 мая по 17 июня 2022 года организовать обучение в Летней школе для обучающихся 1-8, 10 классов.

5. Отделам образования городов и районов, областным специализированным школам:

1) в период с 13 по 20 мая 2022 года организовать проверку на соответствие требованиям документы претендентов на аттестат об общем среднем образовании с отличием и «Алтын белгі» и справку о результатах проверки предоставить в управление образования 20 мая 2022 года;

2) организовать проверку на соответствие требованиям документы обучающихся на освобождение от экзаменов за курс основной и средней школы и ходатайство по результатам проверки предоставить в управление образования не позднее 20 мая 2022 года.

6. Отделу дошкольного и общего среднего образования управления образования (Азанбаева Н.Ш.) в установленном законодательством Республики Казахстан порядке обеспечить:

1) совместно с Инновационным центром развития образования (Аушахманова Б.Т.) передачу экзаменационных заданий отделам образования городов и районов, директорам областных специализированных школ для одаренных детей для обучающихся 9 классов до 27 мая 2022 года, для обучающихся 11 классов до 26 мая 2022 года;

2) подготовить приказ управления образования об освобождении от экзаменов за курс основной и средней школы – до 25 мая 2022 года;

7. Руководителям отделов образования городов и районов, организаций образования обеспечить завершение 2021-2022 учебного года в соответствии с требованиями настоящего приказа, приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 18 марта 2008 года № 125 «Об утверждении Типовых правил проведения текущего контроля успеваемости, промежуточной и итоговой аттестации обучающихся для организаций среднего, технического и профессионального, послесреднего образования» (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов Республики Казахстан под № 5191).

8. Ответственность за организованное завершение учебного года и проведение экзаменов в организациях общего среднего образования возложить на руководителей отделов образования городов и районов, организаций образования.

9. Контроль за исполнением настоящего приказа оставляю за собой.

**И.о. руководителя управления,
заместитель руководителя**

Г. Баширова

С приказом ознакомлен (а):

Н. Азанбаева

Б. Аушахманова